

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 1660 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 221 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетін дамыту, мүдделерін білдіру үшін қажетті ұйымдастыру-құқықтық жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 1660 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 47, 559-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін а л ы м т ө л е у с т а в к а л а р ы н д а :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "олардың филиалдары мен өкілдіктерінен" деген сөздерден кейін ", республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктер филиалдарынан" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі